

Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңыз

Арнұр әдеттегідей сабағына бара жатты. Үйден шыққанда көрші апайды көріп, амандасады. Ол кісі жағдайын, сабағын сұрайды. Жөн сұрасқаннан кейін, екеуі екі жаққа кетеді. Паркинг арқылы сыртқа шығарда кішкентай самокаттың жолда тұрғанын көреді. Жүргіншілергі кедергі келтірмесін деп, оны шетке шығарып қояды. Бағдаршамға жеткенде қызыл түс жанып, тоқтап тұрады. Сол кезде жолдан жүгіріп өтпекші болған баланың киімінен тартып тоқтатады. Бірақ ол бала құлап, қолын жарақаттап алады. Бірден айқайлап жылай бастайды. Арнұр оны қанша жұбатайын десе де тоқтамады. Бірден телефонын шығарып, анасына қоңырау салады. Жылап отырған балаға анасы құстай ұшып жетеді. Баласының қолы сырылғанын көріп, қорқып кетеді. Бала Арнұрды көрсетіп, оның өзін тартып құлатқанын айтады. Баланың анасы бас салып, Арнұрға ұрса бастайды. Арнұр да бұл кісіге ыза толы көзімен, жеккөріп қарап тұрды. Осы жағдайдың барлығын алыстан көріп келе жатқан ер кісі өз жолынан бұрылып қайтып келеді. Барлық жағдайды баланың анасына айтып береді. Баланың анасы үн-түнсіз баласын жетектеп, үйіне кетеді, ал Арнұр сабағына кешіккенін байқап, мектепке қарай жүгірді.